



Deutsche Vertretungen
in Kasachstan

Германияның
Қазақстандағы
Өкілдіктері

Посольство ФРГ г. Нур-Султан
Z05E9E1 Нур-Султан, ул. Космонавтов, 62
E-Mail: visa@nurs.diplo.de

Генеральное консульство ФРГ г. Алматы
050059 Алматы, Иванилова, 2
E-Mail: info@almaty.diplo.de

Барлық ескертулер мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан, сонымен қатар виза орталықтарынан тегін алуға болады.

Виза беруден бас тарту туралы ақпарат

Виза беруден бас тарту туралы шешімде Сіз виза беруден бас тартудың себебін және виза беруден бас тартуға қарсы шағымдануға қандай заңды шараларды қолдануға болатындығы жайлы ақпарат таба аласыз.

Дипломаттық өкілдік виза беруден бас тартудың себебін тек Сізге немесе Сіз уәкілеттік берген адамға ғана хабарлайды. Шақырушы тарап та (егер оған уәкілеттік берілмеген болса) және басқа тұлға Сізге виза беруден бас тартылғаны туралы, егер виза ашылмаған болса оған қандай себеп болғаны жайлы ақпарат алмайды.

Егер Сіз виза беруден бас тартумен келіспейтін болсаңыз, тиісті дипломатиялық өкілдікте (шағым) виза ашудан бас тарту туралы шешім алған күннен бастап бір ай ішінде шағымдана аласыз. Сіз басқа адамға сенімхат арқылы шағым хат беруге рұқсат бере аласыз. Сенімхатқа Сіз қол қойып, сенімхаттың көшірмесін бересіз. Сенімхат нотариалдық куәландыруды қажет етпейді.

Сіз қайта қарау туралы өтінішіңізге қолыңызды қоюыңыз керек. Сіз өз өтінішіңізді құзыретті дипломатиялық өкілдікке факс арқылы жібере аласыз немесе қол қою арқылы өтінішті сканерден өткізіп дипломатиялық өкілдіктің электронды поштасына жібере аласыз. Сонымен қатар, Сізде құжаттарыңызды қайта қарау туралы тікелей дипломатиялық өкілдікке жүгіну мүмкіндігіңіз бар. Шағым хат неміс немесе ағылшын тілдерінде болуы керек. Шағым хатқа арнайы үлгі / бланк қажет емес, оны Сіз немесе Сіздің уәкілетті адамыңыз жазып, қол қоюға болады. Түпнұсқаны беру міндет емес. Көшірмені немесе сканерден өткізіп тапсырған жеткілікті болады.

Шағым хатта келесі мәліметтер болуы керек:

- Виза алуға тапсырған өтініштің қарастыру нөмірі (Сізге виза беруден бас тарту туралы шешімнің тіркеу нөмірінің соңғы 6 саны);
- Сізбен байланыста болу үшін Сіздің барлық байланыс ақпараттарыңыз (телефон нөмірі, оның ішінде қала коды, ұялы телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы, толық пошталық мекен-жайы);
- Сіздің пікіріңіз бойынша виза беруден бас тартуға негіз жоқ екенін дәлелдейтін егжей-тегжейлі мәлімдеме.

Сіз қосымша құжаттарды қоса тапсыра отырып, өзіңіз атаған деректеріңізді растай аласыз. Бұл ретте Сіз өзіңіздің ақпаратыңызды қандай құжаттар жақсы растайтындығын өзіңіз шешесіз. Шағым жасау барысында дипломатиялық өкілдік қосымша құжаттарды сұрата алады немесе Сізді жеке сұхбатқа шақыра алады.

Қажетсіз жұмысты болдырмау үшін:

- Виза бөліміне шағым хатты бір рет қана жазыңыз;
- Виза алуға өтініш беру кезінде ұсынылған құжаттарды қайталап тапсырмаңыз;
- Сіздің жіберген шағым хаттың күйі туралы мәліметті білу үшін дипломатиялық өкілдіктен қоңырау немесе хат күтіңіз.

Егер Сіздің виза ашуға берген өтінішіңіз шағым хат жазғаннан кейін қайта қарағаннан соң Сізге виза беруден бас тартылса, Сізге виза ашудан бас тартудың себептері туралы жазбаша түрде бас тартудың шешімінде егжей-тегжейлі хабарланады. Виза ашудан бас тарту туралы шешімге Берлин өкімшілік сотына шағым жасауға болады.

Дипломатиялық өкілдікте шағым хатты қарастыру әдетте үш айға созылады.

Шағымдану үшін заңгердің немесе басқа адамның көмегіне жүгінуге болады, бірақ міндетті шарт емес.

Сіз кез-келген уақытта шағым мен талаптарға қарамастан жаңа виза алуға өтініш тапсыра аласыз. Мұндай өтініш тапсыру үшін визаны рәсімдеудің әдеттегі шарттары мен ережелері қолданылады.